Түркия мен Қазақстан арасындағы ұдайы жалғасып отырған мәдени және шығармашылық байланыстар Қазақстанның тәуелсіздігінен кейін қалыптасқан саяси және экономикалық ынтымақтастықпен қатар дамып, қайтадан жаңдана бастады. Осы кезеңде Түркия мен Қазақстан арасындағы мәдениет және өнер саласындағы қатынастар қоғамның барлық мүшелерін, барлық өнер салаларын, ресми және қоғамдық бірлестіктерді қамтитын жан-жақты, көп бағытты және өзара мүдделерден да маңызды пайда әкелетін ықпалдастық және өркендеу саласына айналды. Екі ел арасындағы мәдени байланыстары Қазақстанда ұлттық болмыстың қалыптасуына және салт-дәстүрдің өз ерекшелігін сақтай отырып жаңаруына үлес қосқан болса, Түркияда заманауи өнер туралы түсініктің қайта қаралып өнердің ұлттық сипат алуы жолындағы ізденістерге бағыт берді.<sup>2</sup>

Түркия мен Қазақстан арасында өнерпаздар мен адамдар арасындағы келісім мәдениет-өнер саласындағы ынтымақтастықтың белсенді түрде жүзеге асырылып жатқанын көрсетеді. Қазақстанның әр түрлі аймақтарынан және қалаларынан жыл сайын ондаған шығармашылық ұйым Түркияда әр түрлі фестивалдерге қатысады.<sup>3</sup> Түркияда

---

1 The Republic of Kazakhstan attaches great importance to strengthening comprehensive cooperation with the Republic of Turkey, which is based on the common historical roots and cultural values of the two nations. <http://mfa.gov.kz/en/erevan/content-view/koncepcia-vnesnej-politiki-rk-na-2014-2020-gg>

2 Түркияда жергілікті және ұлттық өнер туындыларының қалыптасуына Қазақстандық өнерпаздардың тәжірибесі өте үлкен үлес қосқан. Бір мысал келтірер болсақ; Түркияда дәстүрлі әндерді үлкен диапазонда орындайтын халық аспаптары оркестры жоқ. ТР Мәдениет және туризм министрлігінің қарамағында «Түркі әлемі өнер ұжымдары» құрылуда алға қойылған мақсаттардың бірі осы кемшіліктің орнын толтыру болатын. ТР Мәдениет және туризм министрлігіне қарасты Анкара мен Измирде құрылған «Түркі әлемі музыкалық ансамблі» деген оркестрлар Қазақстан тәжірибесі негізінде құрылған.

3 Бірнеше мысал келтірер болсақ; Анкарада Этимесгут муниципалитеті тарапынан жыл сайын «Анадолы күндері» мәдениет және өнер фестивалі ұйымдастырылады. Жыл сайын ұйымдастырылатын бұл фестивальде бір күн Қазақстаннан келген өнерпаздарға арналады. 2018 жылы осы фестивалдің он бесіншісі ұйымдастырылды. Бұл кешті Қазақстанның Түркиядағы елшісі Абзал Сапарбекұлы ашып берді. Мәдениет және туризм министрлігі Мемлекеттік театрлар бас дирекциясы тарапынан

Қазақстанның бір қаласымен «бауырластық» туралы келісімі жоқ жергілікті басқарма өте аз. Осы байланыс арқылы Түркиядағы көптеген қала мен аудан Қазақстанда өтетін әр түрлі шараларда орын алады. Екі елдің астаналары арасында «Анкара күндері» және «Астана күндері» деген атпен іс-шаралары тұрақты ұйымдастырылады. Астананың 20 жылдық мерейтойы Түркияда салтанатты түрде тойланды. Анкарадағы шетелдік өкілдіктерге қарағанда, Қазақстанның Түркиядағы елшілігі шығармашылық іс-шаралар ұйымдастыруы бойынша едәуір алда. Қазақстанның Түркиядағы елшілігі тарапынан көптеген қазақ жазушының еңбегі түрікшеге аударылып басылып шықты және осы басылымдарға байланысты тұсаукесер жиындары ұйымдастырылды. Қазақтың ұлттық операсы «Біржан-Сара» Түркияның опера және балет театрының репертуарына енген. Қазақстан мен Түркияның ортақ мемлекеттік университеті болып табылатын Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті арқылы екі елдің жоғарғы оқу орындары арасында студенттер мен ұстаздардың тәжірибе алмасу бағдарламалары жүзеге асырылып отыр. Жыл сайын бес жүз мыңға жуық Қазақстан азаматы Түркияның демалыс орындарына келеді. Ұлты қазақ болып табылатын Түркия азаматтары Түркияда шешім қабылдау кезеңдерінде ықпал ететін бір лобби деңгейінде ұйымдасқан.

Жоғарыда аталған айқын мысалдар Түркия мен Қазақстан арасындағы мәдени және өнер саласындағы қарым-қатынастар қаншалықты серпінді дамып келе жатқанын көрсетумен бірге, сондай-ақ, қаншалықты жан-жақты екендігінің де дәлелі. Екі ел арасындағы мәдениет және өнер саласындағы байланыстарды мемлекеттің тікелей тапсырмасымен емес, ресми органдардың көмегі мен

---

жыл сайын Коньяда «Бір Сес, Бин Нефес» (бір ұн, мың дем) деген атпен Түркітілдес театрлардың халықаралық фестивалі өтеді. 2018 жылы он біріншісі ұйымдастырылған бұл фестивалге Қазақстаннан келген театрлық ұжымдар басынан бері қатысып келеді. Яловада ЙАФЕМ тарапынан 1997 жылдан бері Түркі халықтарының мәдениет фестивалі ұйымдастырылады. Осы жылы жиырма біріншісі өткен фестивалге де жыл сайын Қазақстаннан халық биі ұжымдары мен әр түрлі өнер салаларынан өнерпаздар қатысады. Элазығда 1992 жылдан бері «Хазар жыр кештері» кездесуі өтеді және жыл сайын Қазақстаннан ақындар шақырылады. Түркияның ең беделді кино фестивалі болып табылатын «Анталия алтын портакал» кино фестивальне 2011 жылы Қазақстан құрметті қонақ ретінде шақырылды. Осы бірнеше мысал, басқа да іс-шараларды оқырмандардың есіне түсіретін болады.



---

қолдауы арқылы жалғасын тауып келе жатқан қатысушысы көп демократиялық сипаты басым шара ретінде көрсетуге болады.

### **Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың басқару негізі: Рухани Жаңғыру**

Қазақстан президенті Нұрсұлтан Назарбаев, «Ulu Vozkir Ögütleri» деген атпен түрікшеге аударылған шығармасының «Өнердің өрісі кең» деген тарауында өнердің маңызы жайлы ойларын айқын жеткізеді. «Өнер – ұлттың рухани келбеті. Өнер – мемлекеттің мәртебесі мен мерейінің шынайы көрінісі. Өнерлі халықтың өркені де баянды... Халықтың бай мәдениеті мен әдебиетін, өнері мен ғылымын дамыту, салт-дәстүрін құрметтеу, оны жаңа заман талабына сай өркендетіп отыру – мемлекет саясатының ең маңыздысы.»<sup>4</sup> Назарбаев, осы түсінікпен Қазақстан тәуелсіздігін алған уақыттан бері ішкі және сыртқы саясатта мәдениет пен өнерге ерекше мән береді. Осы ұстаным Қазақстанның ел ішінде де, айналасында да бейбітшілік орнатуы мен оны сақтауында үлкен міндетке ие болған. Қазақстан 140-тан астам этникалық топ өкілдері бейбіт әрі тату-тәтті өмір сүретін ел болумен қатар; Орталық Азияның қауіпсіздігі, Украина және Сирия дағдарыстарының шешімі, Ауғанстанның қайта қалпына келтірілуі, Түркия-Ресей арасындағы сенім мәселесі сынды маңызды мәселелердің шешілуі кезеңіне белсенді үлес қосқан болатын.

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 2017 жылдың мамыр айында бекіткен «Рухани Жаңғыру» бағдарламасы, негізінде, Назарбаевтың дүниетанымы мен басқару жүйесін жақсы түсіндіреді. Егемен Қазақстан газетінде жарық көрген осы бағдарлама арқылы Назарбаев, саяси және экономикалық жаңғырудан кейін үшінші жаңғыру кезеңінің басталғанын, мұның рухани және мәдени салада болатынын жариялаған еді. 2030-ға дейін әлемнің дамыған 30 елінің қатарына кіру жоспарын қайталаған Назарбаев, бұқаралық сананы дамыта отырып «Біртұтас ұлт» қалыптастыра алмайынша бұл мақсатқа қол жеткізудің бір мәнісі болмайтындығын айтады.<sup>5</sup>

---

4 Нұрсұлтан Назарбаев, Улу Вozкыр Өгүтлери, Түрікшеге ауд.: Ержан Керімбеков, Қазақстан Республикасының Түркиядағы Елшілігі және Ахмет Ясауи Университеті, Анкара, 2017, б. 87, 91

5 Толық мәтінді көру үшін қараңыз. <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru>

Ұлттық болмыстың сақталуы Назарбаевтың мақаласында арнайы тақырып ретінде қарастырылған. *«Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Абайдың даналығы, Әуезовтың гұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана.»*<sup>6</sup>

Назарбаевтың осы ұстанымы мәдени қатынастардың бөлек тақырып ретінде талқыланып, Қазақстан сыртқы саясатының бастапқы міндеттерінің бірі ретінде қаралып ғаламдық деңгейде мәдени қарым-қатынас орнатылуына жол ашқан.<sup>7</sup> Осының ең айқын мысалдарының бірі БҰҰ қарамағында, Қазақстанның бастамасымен жасалып жатқан 2013-2022 «Мәдениеттер жақындасуының халықаралық онжылдығы» жобасы. Қазіргі таңда да жалғасын тауып отырған бұл үдеріс Қазақстанның 2007 жылы бастаған әрекетінің нәтижесі. 17 желтоқсан 2007 жылы БҰҰ-да қабылданған № 62/90 «Бейбітшілік үшін әріптестікті қолдау» деген қаулымен 2010 жыл «мәдениеттертің жақындасуының халықаралық жылы» деп жарияланған болатын. Осы бастама оң нәтиже беруіне байланысты 2011 жылдың қараша айында болып өткен ЮНЕСКО-ның 36-шы сессиясында 2013-2022 жылдар **«мәдениеттер жақындасуының халықаралық онжылдығы»** болып бекітілді. Қазақстан, тек **«мәдениеттер жақындасуының халықаралық онжылдығын»** жариялау туралы ұсынысын ЮНЕСКО сессиясының күн тәртібіне көтеріп қана қоймай, **«мәдениеттер жақындасуының халықаралық онжылдығының»** ресми ашылу салтанатын өткізу және осы бастаманың іске асырылуына бағытталған іс-шара жоспарының да орындалуына қаржылай қолдау көрсету арқылы (2012 жылы 150 мың, 2013 жылы 200 мың, 2014 жылы 100 мың доллар) өзінің бастамашыл рөлін жалғастырған болатын.

**ТҮРКСОЙ-дың Түркия мен Қазақстан арасындағы мәдениет-өнер саласындағы қарым-қатынастарға қосқан үлесі**

Түркі әлемінің ЮНЕСКО-сы қызметін атқаратын ТҮРКСОЙ, ширек ғасырлық тарихында өзінің шараларын

---

6 Жоғарыда аты аталған мақала.

7 Қосымша қараңыз: <http://mfa.gov.kz/en/erevan/content-view/koncepcia-wnesnej-politiki-rk-na-2014-2020-gg>

---

негізінен мына мақсаттар бойынша жүзеге асырып келген: түркі тілдес халықтар арасында мәдени және шығармашылық ықпалдастықтың нығайтылуы; ортақ түркі мәдениетінің әлемге танытылуы; саны аз түркі халықтарының жойылып кету қаупі бар тілдерінің және мәдениеттерінің сақталуы. Осылайша ТҮРКСОЙ өзінің шараларымен түркі әлемінің мәдени серіктестігін нығайтуға ат салысуымен қатар түркі халықтарының мәдени байлығының сақталуын да мақсат еткен.

ТҮРКСОЙ-дың өзгермейтін басымдықтарының бірі ұмытыла бастаған мыңдаған жылдық дәстүрлердің жандандырылуы арқылы адамзаттың ортақ мұрасы болып табылатын өркениет элементтерін сақтап қалу болатын. Осы орайда түркі халықтарының материалдық емес мұраларын қорғау ТҮРКСОЙ-дың атқарып жатқан жұмыстарының ішінде маңызды орынға ие. Себебі, тарихтың ұзақ кезеңінде көшпелі халық ретінде өмір сүрген түркі халықтары батырлық жырлары, ертегілері, бесік жырлары, әр түрлі жоралғылары және дәстүрлі мерекелерімен материалдық емес мәдени құндылықтар тұрғысынан өте бай мұраға ие. Осы мұраны заманауи өнер салаларында жандандыру және таныту тұрғысынан көптеген жоба жүзеге асырылды. Ғылыми жиналыстар және жарияланымдармен қатар қазақтың ақындық өнері жайлы «Біржан-Сара» операсы, түркі әлемінің батырлық жырларының ортақ кейіпкері Көроғлуның өмірі жайлы «Көроғлу» операсы осылардың арасындағы ең ауқымды және төл туындылар. Тағы осы тұрғыда түркі халықтарының ортақ мұрасы болып саналатын Наурыз мерекесінің ЮНЕСКО Бас штабында, БҰҰ Бас ассамблеясында және әлемнің маңызды орталықтарында тойлануы да бұл дәстүрдің сақталуы мен танытылуы тұрғысынан табысты шаралар болып табылады. 2016 жылы түркі мемлекеттері тәуелсіздіктерінің 25 жылдығының тойлануы аясында ТҮРКСОЙ Жастар оркестрының Англия және Италияда өткізген концерттері, 5 елден 32 жасөспірімнен тұратын ТҮРКСОЙ Жастар камералық хорының Германияда Вагнер фестиваліне қатысуы сынды жобалар Қазақстанның бастамасымен жасалған **«мәдениеттер жақындасуының халықаралық онжылдығы»** шараларына маңызды үлес қосқан болатын.<sup>8</sup>

---

8 Oğuzhan Aydın, “Bağımsızlıklarının 25. Yılında TÜRKSOY’un Türk Topuluklarına Yapmış Olduğu Katkıları,” *Uluslararası Sosyal Bilimler Kongresi: Türkistan Forumu III Bildiri Kitabı*, Uluslararası Hoca Ahmet Yesevi Türk-Kazak Üniversitesi, Türkistan

Адамзат пен өркениеттің айырылмас бөлшегіне айналған түркі мәдениетінің ұлы тұлғаларының үлгі боларлық өмірлері мен шығармаларын таныту адамдардың санасында бейбітшілік дәстүрін қалыптастыру және жаңа ұрпақтарға бауырластық түсінігін сезіндіру тұрғысынан өте маңызды болып саналады. Осы ойға сүйене отырып ЮНЕСКО-ның тәжірибесін де пайдаланып ТҮРКСОЙ еске алу және атап өту жылдарын жариялауда; көрнекті тұлғаларға байланысты жарияланымдар мен ғылыми жиналыстар өткізуде. Осы орайда Қожа Ахмет Ясауи, Мағжан Жұмабай, Құрманғазы, Сүйінбай, Дина Нұрпейісова, Мұқан Төлебаев, Олжас Сүлейменов сынды Қазақстанда туып бүкіл адамзатқа ортақ болған, барша түркі әлемінің мақтанышына айналған көрнекті тұлғалар жайлы іс-шаралар өткізген болатын.

ТҮРКСОЙ-дың мәдени жақындасу тұрғысынан керемет мысалдарға сүйене отырып жүзеге асырған істерінің бірі – түркі әлемі мәдени астанасы. Еуропаның мәдени астаналарының мәдени мұраны қорғау мен Еуропа халықтарын бір-біріне жақындастырудағы маңызды рөлінің осыған ұқсас бір түрін ТҮРКСОЙ-дың бастамасымен түркі әлемі мәдени астаналары жүзеге асыруда. 2012 жылы Астанамен басталған осы шара Эскишехир, Қазан, Мерв және Шекиден кейін 2017 жылы Қазақстанның көне қалаларының бірі Түркістанмен жалғасқан болатын. Түркістан; салтанатты ашылуы және жабылуы, түркі әлемі би фестивалі, наурыз театр фестивалі, ТҮРКСОЙ суретшілер фестивалі, түркі әлемі ақындарының айтыстан жарысы, түркі әлемі жазушыларының кездесуі, ТҮРКСОЙ опера күндері, ТҮРКСОЙ-ға мүше елдердің ЮНЕСКО істері бойынша Ұлттық комиссияларының мәжілістері сынды көптеген шаралар өткізіп түркі әлемінің рухани астанасы ретіндегі өз орнын одан әрі нығайта түсті.

---

## ҚОРЫТЫНДЫ

Ноғай ұлтының өкілі болып табылатын Қазақстан азаматы Арсланбек Сұлтанбековтың «Домбыра» деген әнімен Түркияда танымал болуы және жеті жастан жетпіс жасқа дейінгі барша халық танитын өнер адамына айналуы Қазақстанның мәдени саясаты мен Түркия-Қазақстан арасындағы өнер саласындағы ықпалдастық жайлы көп нәрсені түсіндіретін маңызды мысал болып табылады. Қазақстанда 80 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан ұйғыр ұлттық театрының 2018 жылдың күзінде Түркияның Адана, Анкара және Ыстамбұл қалаларындағы гастрольдық сапары да көп жақты пайдасы бар мәдениет-өнер шарасы болып табылады. Дүниежүзі Ахысқа түріктері қауымдастығының басшысы міндетін Қазақстан азаматының атқаруы және бұл тұлғаның сонымен қатар Қазақстан халқы ассамблеясында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың орынбасары болуы Түркия мен Қазақстан қатынастарының барлық бағыттарына ықпалын тигізетін символдық маңызға ие жағдай.

Кеңес Одағы дәуірінде миллиондаған адамы ұжымдастыру қырғынында және қолына қалам ұстаған зиялы қауымы Сталин репрессиясында құрбан болған Қазақстан, тәуелсіздігін алғаннан кейін тек осы елге өз атын берген қазақтардың ғана отыны емес, сонымен қатар күштеп көшіріліп Қазақстанға орналастырылған тілі, діні және мәдениеті әр түрлі көптеген халықтың да отыны болды. Елбасы Назарбаевтың адамды жоғары қоятын прагматикалық саясаттары әр түрлі мәдениеттердің татулықпен бір ортада өмір сүруіне және азаматы болып табылатын Қазақстанды отаным деп сезініп, шын жүректен сүйулеріне жол ашты. Назарбаевтың мәдениетке бағытталған бейбітшіл сыртқы саясаты болса бүкіл әлемде құрметке ие және беделі зор Қазақстан бейнесін қалыптастырды. Қазақстан мен Түркия арасындағы мәдени және шығармашылық байланыстар болса бауырластық түсінігімен жүзеге асырылып, осыдан қалыптасқан пайда барша түркі әлемінің мүддесіне жарайтындығына сеніміміз мол.





**KAZAKİSTAN TÜRKİYE ARASINDA  
KÜLTÜR VE SANAT ALANINDAKİ  
İLİŐKİLER**

Prof. Dr. Fırat PURTAŐ



## **Kazakistan Türkiye Arasında Kültür ve Sanat Alanındaki İlişkiler**

**Fırat Purtaş\***

### **Giriş**

Türkiye ile Kazakistan arasındaki kültür ve sanat ilişkileri hem ikili düzeyde hem de çok taraflı işbirliği platformlarında dinamik bir şekilde gelişen işbirliği alanıdır. Bu işbirliği taraflara sağladığı karşılıklı çıkarların ötesinde Türk dili konuşan halkların kültürel ortaklığının güçlenmesine ve Türk cumhuriyetleri arasındaki bütünleşmeye katkı sunan çok yönlü ve çok boyutlu çıktıları olan bir ortaklıktır. Türkiye ile Kazakistan arasında kurulan stratejik ortaklığa da temel teşkil eden kültürel ve sanatsal ilişkiler pek çok açıdan model oluşturabilecek bir niteliktedir.

Türkiye ile Kazakistan arasındaki siyasi ve ekonomik ilişkiler Kazakistan'ın bağımsızlığını kazandığı 1991 yılına kadar sıfır düzeyindeydi. Tarihin ortaya çıkardığı koşullar, Türkiye ile Kazakistan arasındaki coğrafi mesafenin daha da uzaklaşmasına neden olmuştu. Ancak tüm olumsuzluklara rağmen Türk halkı ile Kazak halkı arasında kültürel, sanatsal ve toplumsal bağlar tarihin hiçbir döneminde kopmadı. Korku Ata'nın, Hoca Ahmet Yesevi'nin, Mağcan Cumabay'ın ördüğü dil, tarih ve kültür köprüsü hiçbir zaman yıkılmadı. Bu sayede Türkiye ile Kazakistan arasında 1991'den itibaren sürekli gelişme ve ilerleme eğilimi gösteren siyasi ve ekonomik ilişkiler ortak dil, tarih ve kültür temeli üzerinde yükseldi. Bu olgu Kazakistan Dışişleri Bakanlığı tarafından ilan edilen 2014-2020 Dış Politika Konsepti'ne ise şu şekilde yansımıştır: *“Kazakistan Cumhuriyeti Türkiye Cumhuriyeti ile iki ulus arasındaki ortak tarihi kökenler ve kültürel*

---

\* Prof., Dr., TÜRKSOY Genel Sekreter Yardımcısı, AHBVU Öğretim Üyesi



---

*değerlere dayalı olan kapsamlı işbirliğinin güçlendirilmesine büyük önem vermektedir.”<sup>1</sup>*

Türkiye ile Kazakistan arasında süreklilik gösteren kültürel ve sanatsal bağlar Kazakistan’ın bağımsızlığının ardından gelişen siyasi ve ekonomik işbirliğine paralel olarak yeniden canlanma sürecine girmiştir. Bu süreçte Türkiye ile Kazakistan arasındaki kültür sanat ilişkileri toplumun tüm kesimlerini, tüm sanat dallarını, resmi ve sivil kurumları kapsayan çok boyutlu, çok yönlü ve karşılıklı çıkarların ötesinde fayda sağlayan bir etki-leşim ve zenginleşme alanı olarak belirmiştir. İki ülke arasındaki kültür-sanat ilişkileri Kazakistan’da ulusal kimlik inşası ve geleneklerin korunarak modernleşme çabalarına katkı sağlarken, Türkiye’de çağdaş sanatlar konseptinin yeniden gözden geçirilerek sanatın millileşmesi arayışlarına ışık tutmuştur.<sup>2</sup>

Türkiye ile Kazakistan arasında sanatçı ve insan hareketliliği kültür-sanat alanında işbirliğinin yoğun bir şekilde yürütüldüğünü göstermektedir. Kazakistan’ın farklı bölgelerinden ve şehirlerinden yılda onlarca sanat topluluğu Türkiye’de farklı festivallere katılmaktadır.<sup>3</sup> Türkiye’de Kazakistan’ın bir kenti ile

- 
- 1 The Republic of Kazakhstan attaches great importance to strengthening comprehensive cooperation with the Republic of Turkey, which is based on the common historical roots and cultural values of the two nations.bkz. <http://mfa.gov.kz/en/erevan/content-view/koncepcia-vnesnej-politiki-rk-na-2014-2020-gg>
  - 2 Türkiye’de yerli ve milli sanat eserlerinin ortaya çıkmasında Kazakistan’lı sanatçıların aktardığı tecrübe son derece önemli katkı sağlamıştır. Bir örnek vermek gerekirse; Türkiye’de geleneksel müziği çok sesli bir formda icra eden halk çalgıları orkestraları bulunmamaktadır. T.C. Kültür ve Turizm bakanlığı bünyesinde kurulan Türk Dünyası Sanat Toplulukları oluşturulurken amaçlanan hedeflerden biri de bu boşluğu doldurmaktır. T.C. Kültür ve Turizm Bakanlığı bünyesinde Ankara ve İzmir’de kurulan Türk Dünyası Müzik Topluluğu adındaki orkestralar Kazakistan’daki örneklerden mülhem bir şekilde ihdas edilmiştir.
  - 3 Birkaç örnek vermek gerekirse; Ankara’da Etimesgut Belediyesi tarafından her yıl Anadolu Günleri Kültür ve Sanat Festivali düzenlenmektedir. Bu festivalde her yıl bir gün Kazakistan’dan gelen sanatçılara ayrılmaktadır. 2018’de bu festivalin 15. si düzenlenmiştir. Kazakistan gecesinin açılışını Kazakistan’ın Ankara Büyükelçisi Abzal Saparbekuli yapmıştır. Kültür ve Turizm Bakanlığı Devlet Tiyatroları Genel Müdürlüğü tarafından her yıl Konya’da Bir Ses Bin Nefes Uluslararası Türkçe Tiyatro Yapan Ülkeler Festivali düzenlenmektedir. 2018’de 11. Düzenlenen bu festivale Kazakistan’dan gelen tiyatro grupları başından itibaren katılmaktadır. Yalova’da YAFEM tarafından 1997 tarihinden itibaren Türk Boyları Kültür Şöleni düzenlenmektedir. Bu yıl 21.si düzenlenen festivale her yıl Kazakistan’dan halk dansları toplulukları ve farklı sanat dallarından sanatçılar katılmaktadır. Elazığ’da 1992’den bu yana Hazar Şiir Akşamları buluşması düzenlenmektedir ve her yıl Kazakistan’dan

kardeş şehir ortaklığı bulunmayan yerel yönetim neredeyse yoktur. Bu bağlantı ile Türkiye'den pek çok il ve ilçe Kazakistan'da düzenlenen çeşitli etkinliklere katılmaktadır. İki ülkenin başkentleri arasında Ankara Günleri ve Astana Günleri adı ile karşılıklı tanıtım etkinlikleri düzenlenmektedir. Astana'nın başkent oluşunun 20. yıl dönümü Türkiye'de görkemli bir şekilde kutlanmıştır. Kazakistan büyük elçiliği Ankara'daki yabancı misyon temsilcilikleri arasında düzenlediği sanatsal etkinliklerle tanınırlık bakımından açık ara öndedir. Kazakistan'ın Ankara Büyükelçiliği tarafından çok sayıda Kazak yazarın eserleri Türkçeye aktarılarak yayımlanmış ve bu yayımlara ilişkin tanıtım toplantıları düzenlenmiştir. Kazak milli operası "Bircan ile Sara" Türkiye'nin opera-bale repertuarında yer almaktadır. Kazakistan ile Türkiye'nin ortak devlet üniversitesi olan Uluslararası Hoca Ahmet Yesevi üniversitesi yanında iki ülke yüksek öğretim kurumları arasında yoğun bir öğrenci ve öğretim üyesi hareketliliği mevcuttur. Her yıl beş yüz bin civarında Kazakistan vatandaşı tatil için Türkiye'yi tercih etmektedir. Kazak asıllı Türk vatandaşları Türkiye'de karar alma süreçlerine etki eden bir lobi düzeyinde örgütlüdürler.

Yukarıda sıralanan somut örnekler Türkiye ile Kazakistan arasındaki kültürel ve sanat alanındaki ilişkilerin ne kadar dinamik bir şekilde ilerlediğini göstermenin yanında aynı zamanda ne kadar çok boyutlu olduğunun ve ademi merkezîyetçi bir anlayışla yürütüldüğünün de kanıtıdır. İki ülke arasındaki kültür-sanat ilişkilerini devlet merkezli olmayan ancak resmi organların teşviki ve desteğiyle sürdürülen son derece geniş katımlı demokratik niteliği ön planda olan bir faaliyet alanı olarak tanımlamak mümkündür.

### **Kazakistan Elbaşı Nursultan Nazarbayev'in Yönetim Anlayışının Özü: "Manevi Uyanış"**

Kazakistan elbaşı Nursultan Nazarbayev, "Ulu Bozkır Öğütleri" olarak Türkçeye çevrilen eserinde "Sanatın sınırı geniş-tir" başlığı altında sanatın önemine ilişkin düşüncesini veciz bir

---

şairler davet edilmektedir. Türkiye'nin en prestijli film festivali olan Antalya Altınportakal film festivaline 2011 yılında Kazakistan onur konuğu ülke olarak davet edilmiştir. Bu birkaç örnek, okuyucuya daha başka etkinlikleri hatırlatacaktır.

---

şekilde ifade etmektedir. “*Sanat, milletin manevî aynasıdır. Sanat, devletin ikbal ve itibarının tezahürüdür. Sanata yakın olanın gelişimi de güzel olur...Halkın zengin kültürü ile edebiyatını, sanatı ile bilimini geliştirmek, geleneklere saygı duymak, onları yeni şartlara uygun olarak geliştirip canlandırmak, devlet politikasının en önemlilerindedir.*”<sup>4</sup> Nazarbayev, bu anlayışla Kazakistan’ın bağımsızlığını kazandığı tarihten itibaren iç ve dış politikada kültür ve sanata özel önem atfetmiştir. Bu yaklaşım Kazakistan’ın hem ülke içinde hem de çevresinde barışın tesisi ve korunmasında çok büyük işlev görmüştür. Kazakistan 140’dan fazla etnik grubun barış ve huzur içerisinde yaşadığı bir ülke olmanın ötesinde; Orta Asya’nın güvenliği, Ukrayna ve Suriye krizlerinin çözümü, Afganistan’ın yeniden imarı, Türkiye-Rusya arasında yaşanan güven sorunu gibi ciddi risklerin çözüm süreçlerine aktif bir katkı sağlamıştır.

Kazakistan Elbaşı Nursultan Nazarbayev’in Mayıs 2017’de yürürlüğe koyduğu “manevi uyanış” programı aslında Nazarbayev’in dünya görüşü ve yönetim anlayışını en iyi özetleyen metindir. Egemen Kazakistan Gazetesi’nde bir yazı dizisi olarak yayınlanan bu programla Nazarbayev, siyasi ve ekonomik reformasyonun ardından üçüncü reformasyon döneminin başladığını, bunun manevi ve kültür alanında olacağını ilan etmiştir. 2030’a kadar dünyanın en gelişmiş 30 ülkesi arasına girme hedefini yineleyen Nazarbayev, toplumsal bilinci güçlendirerek “Tek Millet” oluşturulmadığı takdirde bu hedefe ulaşılmasının bir anlamı olmayacağını ifade etmektedir.<sup>5</sup>

Milli kimliğin korunması Nazarbayev’in makalesinde özel bir başlıktır. “*Milli gelenek ile göreneklerimiz, dilimiz ile müziğimiz, edebiyatımız ile millî törenlerimiz, diğer bir ifadeyle millî ruhumuz yaşam tarzımız ile gönül dünyamızda ebedi olarak kalmalıdır. Abay’ın bilgeliği, Avezov’un bilginliği, Jambıl’ın şiirleri ile Kurmangazi’nin ezgileri, asırlarca günümüze ulaşan dedelerimizin sesi ile nefesi, bunlar manevî kültür dünyamızın tek bir parçasıdır.*”<sup>6</sup>

---

4 Nursultan Nazarbayev, **Ulu Bozkır Öğütleri**, Türkçeye Aktaran Yercan Kerimbekov, Kazakistan Cumhuriyeti Ankara Büyükelçiliği ve Aymet Yesevi Üniversitesi, Ankara, 2017, s.87, 91.

5 Orijinal metin için bkz. <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolas-haqqa-baghdar-rukhani-zhanhgyru>

6 Agm.

Nazarbayev'in bu anlayışı kültürel ilişkilerin ayrı bir başlık altında ele alınıp, Kazakistan dış politikasının öncelikli görevleri arasında görülerek küresel düzeyde kültürel diplomasi yürütülmesini beraberinde getirmiştir.<sup>7</sup> Bunun en somut örneklerinden biri BM çatısı altında Kazakistan'ın öncülüğünde yürütülen "2013-2022 Kültürlerarası Yakınlaşma On yılı" inisiyatifidir. Günümüzde de devam eden bu süreç Kazakistan'ın 2007 yılında başlattığı bir çabanın neticesinde ortaya çıkmıştır. 17 aralık 2007 tarihinde BM Genel Kurulu'nda kabul edilen 62/90 sayılı "Barış için işbirliğini destekleme" başlıklı kararname (resolution) ile 2010 yılı "Kültürlerarası yakınlaşma" yılı olarak ilan edilmiştir. Bu girişimin başarılı neticelerinin görülmesi üzerine Kasım 2011'de düzenlenen 36. UNESCO Genel Konferansı'nda 2013-2022 yıllarının "Kültürler arası Yakınlaşma On Yılı" olarak ilan edilmesi kararlaştırılmıştır. Kazakistan, sadece "Kültürler arası yakınlaşma on yılı" ilan edilmesi teklifini UNESCO Genel Konferansı gündemine getiren ülke olarak kalmamış, hem "kültürlerarası yakınlaşma on yılı"nın resmi açılışına ev sahipliği yaparak hem de bu girişimin hayata geçirilmesine yönelik faaliyet planının uygulanmasına maddi destek sağlayarak (2012'de 150 bin, 2013'de 200 bin, 2014'de 100 bin Dolar) öncü rolünü sürdürmüştür.

### **Türksoy'un Türkiye ile Kazakistan Arasındaki Kültür-Sanat İlişkilerine Katkıları**

Türk dünyasının UNESCO'su işlevini görev TÜRKSOY, çeyrek asırı bulan geçmişi boyunca faaliyetlerini başlıca şu hedefler doğrultusunda sürdürmüştür: Türk dilli halklar arasındaki kültürel ve sanatsal etkileşimin güçlendirilmesi; ortak Türk kültürünün dünyaya tanıtılması; nüfusu az olan Türk topluluklarının tehlike altındaki dilleri ve kültürlerinin korunması. Böylece TÜRKSOY'un etkinlikleriyle bir yandan Türk dünyasının kültürel ortaklığı güçlendirilmeye çalışılırken, bir yandan da Türk halklarının kültürel çeşitliliğinin muhafaza edilmesi hedeflenmiştir.

---

7 Bnz. bkz. <http://mfa.gov.kz/en/erevan/content-view/koncepcia-vnesnej-politiki-rk-na-2014-2020-gg>

---

TÜRKSOY'un değişmeyen önceliklerinden biri unutulmaya yüz tutmuş binlerce yıllık geleneklerin canlandırılması suretiyle insanlığın ortak mirası niteliğindeki medeniyet unsurlarının yaşatılması olmuştur. Bu çerçevede Türk halklarının somut olmayan kültürel mirasın korunması TÜRKSOY'un çalışmalarında özel bir tutmuştur. Zira tarihin uzun bir döneminde göçebe bir toplum olarak yaşayan Türk halkları destanları, masalları, ninnileri, çeşitli ritüelleri ve geleneksel kutlamaları ile somut olmayan kültürel unsurlar açısından çok zengin bir mirasa sahiptir. Bu mirası çağdaş sanat formlarında yaşatmak ve tanıtmak açısından pek çok proje hayata geçirilmiştir. Bilimsel toplantılar ve yayınlar yanında Kazak ozanlık geleneğini konu alan Bircan ile Sara Operası, Türk dünyasının ortak destan kahramanlarından Köroğlu'nun hayatını konu olan Köroğlu Operası bunlar arasında en büyük çapta ve özgün olanlardır. Yine bu bağlamda Türk halklarının ortak mirası niteliğindeki Nevruz bayramının UNESCO Genel Merkezi'nde, BM Genel Kurulu'nda ve dünyanın önemli sanat merkezlerinde kutlanması da hem geleneğin yaşatılması hem de kültürün tanıtılması açısından başarılı uygulamalar olmuştur. 2016 yılında Türk cumhuriyetlerinin bağımsızlıklarının 25. Yıl dönümü kutlamaları kapsamında TÜRKSOY Gençlik Orkestrası'nın İngiltere ve İtalya'da düzenlediği konserler, 5 ülkeden 32 gençten kurulu TÜRKSOY Gençlik Korosu'nun Almanya'da Wagner Festivali'ne katılması gibi projeler Kazakistan'ın öncülüğünde yürütülen "kültürlerarası yakınlaşma on yılı" faaliyetlerine ciddi katkı sağlamıştır.<sup>8</sup>

İnsanlığa ve medeniyete mal olmuş Türk kültürünün öncü şahsiyetlerinin örnek yaşantıları ve eserleri ile tanıtmak barış kültürünü zihinlerde inşa etmek ve yeni nesillerde kardeşlik bilincini yerleştirmek açısından son derece önemlidir. Bu düşünceden hareketle UNESCO tecrübesinden istifade ederek TÜRKSOY'da anma ve kutlama yılı ilan etmekte; öncü şahsiyetlere ilişkin yayınlar ve bilimsel toplantılar yapmaktadır. Bu kapsamda Hoca Ahmet Yesevi, Mağcan Cumabay, Kurmangazi, Suyunbay,

---

8 Oğuzhan Aydın, "Bağımsızlıklarının 25. Yılında TÜRKSOY'un Türk Topluluklarına Yapmış Olduğu Katkılar," *Uluslararası Sosyal Bilimler Kongresi: Türkistan Forumu III Bildiri Kitabı*, Uluslararası Hoca Ahmet Yesevi Türk-Kazak Üniversitesi, Türkistan 26-28 Nisam 2017. s.955.

Dina Nurpeisova, Mukan Tölebayev, Olcas Süleymanov gibi Kazakistan'ın yetiştirmiş olduğu ancak insanlığa mal olmuş tüm Türk dünyasının gururu niteliğindeki mümtaz şahsiyetlere ilişkin etkinliklerle düzenlenmiştir.

TÜRKSOY'un kültürel yakınlaşma açısından güzel örneklerden yola çıkarak başlattığı bir başka uygulama da Türk dünyası kültür başkentidir. Avrupa kültür başkentlerinin kültürel mirası koruma ve Avrupa toplumlarını birbirine yakınlaştırmada oynadığı rolün benzerini günümüzde TÜRKSOY'un çatısı altında Türk dünyası kültür başkentleri yerine getirmektedir. 2012'de Astana ile başlayan bu uygulama Eskişehir, Kazan, Merv ve Şeki'nin ardından 2017'de Kazakistan'ın kadim şehirlerinden Türkistan ile devam etmiştir. Türkistan; görkemli açılış ve kapanış törenleri, Türk dünyası dans festivali, Nevruz tiyatro festivali, TÜRKSOY Fotoğrafçılar buluşması, Türk dünyası ozanları arasında atışma yarışması, Türk dünyası yazarlar buluşması, TÜRKSOY Opera günleri, TÜRKSOY'a üye ülkeler UNESCO Milli Komisyonları toplantıları gibi bir çok etkinliğe ev sahipliği yaparak Türk dünyasının manevi başkentliği konumunu daha da güçlendirmiştir.

## **SONUÇ**

Nogay asıllı Kazakistan vatandaşı Aslanbek Sultanbekov'un dombra şarkısıyla Türkiye'de ün kazanması ve yediden yetmişe herkesin tanıdığı bir sanatçı olması Kazakistan'ın kültür politikalarına ve Türkiye-Kazakistan arasındaki sanat alanındaki etkileşime dair pek çok anlamlar içeren bir örnektir. Kazakistan'da 80 yıldan buyana faaliyet gösteren Uygur Milli Tiyatrosu'nun 2018 yılı sonbaharında Türkiye'nin Adana, Ankara ve İstanbul'u kapsayan turnesi de çok boyutlu çıktıkları olan bir kültür-sanat etkinliğidir. Dünya Ahıska Türkleri Birliği'nin başkanlığını bir Kazakistan vatandaşının yürütmesi ve bu şahsın aynı zamanda Kazakistan Halkı Asamblesi'nde Elbaşı Nursultan Nazarbayev'in yardımcısı olması Türkiye ile Kazakistan ilişkilerine tüm yönlerine etki eden sembolik önemi haiz bir olgudur.

Sovyetler Birliği döneminde milyonlarca insanını kolektivistasyon soykırımına ve eli kalem tutan aydınlarını Stalin terö-

---

rüne kurban veren Kazakistan bağımsızlık kazanmasının ardından sadece ülkeye adını veren Kazakların vatani olmamış aynı zamanda zorunlu göçlerle Kazakistan'ı yurt edinmiş dili, dini ve kültürü farklı bir çok halkın da ülkesi olmuştur. Elbaşı Nazarbayev'in insan odaklı pragmatist politikaları farklı kültürlerin barış içerisinde bir arada yaşamasını ve vatandaşı oldukları Kazakistan'a güçlü bir aidiyet duygusu ile bağlanmalarını temin etmiştir. Nazarbayev'in kültür odaklı barışçıl dış politikası ise tüm dünya da saygın ve yüksek bir Kazakistan imajının oluşmasını sağlamıştır. Kazakistan ile Türkiye arasındaki kültürel ve sanatsal ilişkiler ise kardeşlik anlayışıyla yürütülmüş, buradan ortaya çıkan fayda sadece iki ülke halkının değil tüm Türk dünyasının menfaatine olmuştur.







**ҚАЗАҚСТАН МЕН  
ТҮРКИЯ АРАСЫНДА  
БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ  
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ**

Проф. Др. Мұса ЙЫЛДЫЗ



## **Қазақстан мен Түркия арасында білім саласындағы ынтымақтастық**

**Мұса ЙЫЛДЫЗ\***

### **Аннотация**

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін, Түркия Республикасы тарихи және рухани тамырлары бір түркі әлемінің жаңа тәуелсіз мемлекеттермен тікелей байланыс орнату арқылы дамыту мүмкіндігіне ие болды. Өткен ширек ғасыр ішінде екіжақты және көп жақты қарым-қатынастарда едәуір істер атқарылды. Түркиямен қатынастар тұрғысынан, Еуразияның асқақтаған жұлдызы ретінде сипатталатын Қазақстанның ынтымақтастық мүмкіндігін тиімді түрде пайдалану маңызды. Қазіргі таңда Қазақстан мен Түркия қатынастарының деңгейі қуантарлықтай. Көп салалардың ішінде қолға алынып зерттелуі қажет тақырыптардың бірі екі ел арасындағы білім саласында жасалған ынтымақтастық туралы жобалар. Бұл жобалар әрі екіжақты қатынастардың, әрі бүкіл түркі әлемінде ықтымақтастық мүмкіндіктерінің арттырылуы тұрғысынан назар аудартуда.

### **Кіріспе**

Бүгінге дейін Қазақстан мен Қазақстанды бірінші таныған ел болып табылатын Түркия арасында жүзден астам келісімге қол қойылған. Осы келісімдердің ең алғашқысы 2 наурыз 1992 жылы қол қойылған Түркия мен Қазақстан арасында дипломатиялық қатынастар орнату туралы хаттамаға байланысты елшіліктердің ашылуы болатын. Осылардың арасындағы ең маңыздыларының бірі – 1 мамыр 1992 жылы Алматыда қол қойылып, 2 желтоқсан 1993 жылы күшіне енген Түркия Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасында білім, ғылым, мәдениет және спорт салалары бойынша ынтымақтастық туралы келісім. Осы келісім екі ел арасындағы мәдени және тарихи байланыстар аясында, өзара түсіністік пен достықтың нығайтылуын,

---

\* Проф. Др. Ахмет Ясауи университетінің Өкілетті кеңес төрағасы, Анкара / Түркия.

---

мәдениет, білім және спорт саласындағы байланыстарды реттеу, білім, ғылым және мәдени ынтымақтастықтың дамытылуын көздейді.

Кенес Одағының ыдырауымен бірге Түркияда өзге түркі мемлекеттері және ағайын қауымдастықтармен қоса, мемлекеттік мекемелер мен қоғамдық бірлестіктер, жеке ұйымдар мен институттар және баспа үйлері авторлық еңбек және аудармалар арқылы қазақ тарихы мен мәдениеті жайлы көптеген басылымдарды жарыққа шығарды. Академиялық салада жазылған магистратуралық және докторантуралық диссертациялар да КСРО-ның ыдырауынан кейін көбейе түскен (Гүлер, 2010: 177). Сонымен қатар екі ел арасындағы ынтымақтастық келісімдері нәтижесінде құрылған ұйымдар мен студенттердің тәжірибе алмасу жобалары екі бауырлас халық арасында ықпалдастықты арттырып, түркі мәдениетінің дамуына үлес қосты.

### **Қазақстанмен өзара қатынастар және білім саласы**

16 желтоқсан 1991 жылы Түркия, Орталық Азияның өзге түркі мемлекеттері сияқты Қазақстанның да тәуелсіздік туралы шешімін таныған алғашқы ел болды (Гүндөғду-Гүлер, 2017: 87). 2 наурыз 1992 жылы екі ел арасында дипломатиялық қатынастар орнатылып, елшіліктер ашылды. Екі ел арасында сауда, саяси, экономикалық, мәдени және білім салаларында келісімдерге қол қойылды. Осы орайда 2009 жылы қол қойылған Стратегиялық әріптестік туралы келісім, қарым-қатынастарды жоғары деңгейге көтеру тұрғысынан өте маңызды қадам болатын. Түркия мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастықтың нығаюында, екі елдің тарих, мәдениет, дін және этникалық құрылымының ортақ болуының да үлкен үлесі бар.

Түркі кеңесіне мүше елдер арасында, жоғары білім беру саласында ынтымақтастық орнату мақсатында құрылған Түркі әлемі университеттерінің одағы; 10 тамыз 2012 жылы Шолпан-Атада өткен Түркі кеңесі білім министрлерінің отырысында және 23 тамыз 2012 жылы Бішкекте өткен Түркі кеңесінің екінші саммитінде алынған шешім нәтижесінде қалыптаса бастайды. 2013 жылдың 28-29 наурыз күндері Ыстамбұлда өткен Түркі кеңесі түркі университеттер одағының құрылуы жайлы дайындық отырысында алынған шешімдер негізінде нұсқаулары дайындалды. Кезең төрағалығы да Ататүрік университетіне берілді. 2016 жылы Эрзурумда өткен II. жалпы жиында

кезең төрағалығы Қырғызстан-Түркия Манас университетіне берілген болатын. Қырғызстан-Манас университеті Түркі университеттер одағының (TürkUniv) кезең төрағалығын, 19 сәуір 2018 жылы Түркі кеңесі түркі университеттер одағы ІІІ. жалпы жиынында Ахмет Яссауи Университетіне тапсырып, кезең төрағалығы Ахмет Яссауи университеті тарапынан жүзеге асырылып отыр.

1990 жылдан бері түркі әлемімен байланысты мәдени және экономикалық байланыстардың нығайтылуы жолында ТҮРКПА (Түркітілдес мемлекеттер паламенттік ассамблеясы), ТҮРКСОЙ, Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесі, Түркі іскерлер кеңесі, Халықаралық түркі академиясы, Түркі мәдениеті және мұрасы қоры сияқты ұйымдар мен мекемелер құрылып; кейбір түркі мемлекеттерімен стратегиялық ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.

Білім саласындағы ең маңызды қадам болса, Нахчиван саммитінен кейін бірнеше ай өткенде 25 мамыр 2010 жылы Халықаралық түркі академиясының Қазақстанның бас қаласы Астанада зерттеу орталығы ретінде құрылып, өз жұмысын бастауы болатын (Қыдырәлі, 2015: 599). Қырғызстанның астанасы Бішкекте 2012 жылдың 22-23 тамыз күндері өткен Түркітілдер мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің ІІ. саммитінде Қазақстан, Түркия, Әзірбайжан және Қырғызстан Түркі академиясына халықаралық мәртебе беру жөніндегі келісімге қол қояды. Түркі академиясы, Түркі кеңесінің қолдауындағы халықаралық мекемеге айналдырылған. Академия, түркі әлемімен байланысты әрі зерттеумен айналысатын, әрі таныту шараларын өткізетін ғалымдардың бір ортада жұмыс жасауларына мүмкіндік берді (Түймебаев, 2012: 10).

Түркия, ортақ тарихи және мәдени құндылықтарға ие дос әрі бауырлас ел Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған 16 желтоқсан 1991 жылынан аз уақыт өткеннен кейін 31 қазан 1992 жылы, білім саласындағы алғашқы нақты қадамын жасап, Түркия мен Қазақстан арасында жасалған халықаралық келісім бойынша Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті құрылды. Университет, Түркияның және түркі әлемінің дербес статусқа ие алғашқы ортақ мемлекеттік оқу орны болып табылады. Университет, Түркия Республикасының ең бірінші шетелдегі жоғары оқу орны ретінде білім саласында маңызды міндет атқарады.

---

Ең алғаш Қазақстан үкіметі тарапынан берілген 300 гектарлық жерде 332 студентпен өз жұмысын бастаған университет, қазіргі таңда сырттай және күндізгі оқу түрі бойынша, 13 мыңнан астам студентке 180 мың м<sup>2</sup> жабық алаңда білім беретін, 70 мыңнан астам түлегі бар бір мекемеге айналған. Суденттік өмір мен білім берудің сапалы ортасын қалыптастыру үшін университет кампусының жалпы архитектуралық жобасындағы ғимараттар мен алаңдардың құрылысы 25 жыл ішінде салынып бітті. Халықаралық бір университет болудың жауапкершілігімен әрекет ете отырып, 21 елден 33 әр түрлі түркі және бауырлас қауымдастықтардан келген білімгерлер бір ортада білім алатын, аймақ пен әлемдегі университеттермен білім саласында ықтымақтастық келісімдеріне қол қойған және келісімдерді белсенді түрде жүзеге асыруға ерекше мән беретін білім ордасына айналды.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, түркі мәдениетіне қосқан үлесі мен өзінің салған жолы арқылы бірлестіруші және біріктіруші ретінде түркі халықтарының рухани бірлігін де нығайтады. Түркі мемлекеттері мен ағайын қауымдастықтардан келген студенттер бір шаңырақ астында ортақ тіл, ортақ тарих және ортақ мәдениетте білім алуда. Университеттің арқасында тоғыз ғасырдан кейін Түркістан қайтадан Ахмет Яссауидің алып ерен (шәкірт тәрбиелеу) дәстүрінің ошағына айналды. Университет түркі әлемінен келген жастарды бір шаңырақ астында жинап, ғасырлар бұрынғы Ахмет Яссауидің жолы тармақтарының негізінде оларды тәрбиелеп, елдерінің болашағы үшін пайдалы істер жасауларына септігін тигізуде.

Ахмет Ясауи университеті, құрылған кезінен бері тұрақты дамып, өзі орналасқан аймақтың білім деңгейінің жоғарылауына үлес қосумен қатар, кішігірім жер болған Ясының жүз мыңнан астам халқымен тез дамып келе жатқан Түркістан қаласына айналуына да септігін тигізіп, Түркістан бүгінде облыс орталығы болып жарияланған. Ахмет Ясауидің қалыптастырған түсінігіне сәйкес білім беруді негізгі мақсат еткен университет, осы мақсатына қарай сенімді қадамдармен алға жылжып келеді. Техникалық жабдығы және заманауи инфроқұрылымы жағынан Қазақстанның ең жоғарғы университеттері арасында орналасқан Ахмет Ясауи университеті, білім беру және зерттеу жұмыстары бойынша халықаралық беделге ие, үлгі боларлық мекеме деңгейіне жетті.

2015-2018 жылдары аралығында Түркиядағы университеттерден Ахмет Ясауи Университетінде екі апталық дәріс, семинар және конференциялар беру үшін Түркістанға 200 оқытушы жіберілген. Қазақстаннан да Түркия университеттеріне, біліктілік арттыру мақсатында 50 оқытушы келген.

Исмайыл Гаспыралының ғасырлар бұрын айтып кеткен «Тілде, пікірде, істе бірлік» түсінігімен Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, ұлы даланың ортасында әртүрлі тіл мен мәдениеттерді бір шаңырақ астына жинай отырып студенттерді ортақ мәдениет айналасына бірлестіруде. Түркі мемлекеттері мен бауырлас қауымдастықтар арасында ғылыми және мәдени қатынастардың болашағын қалыптастыратын мықты көпір болу мақсатында, «терең тарихтан баянды болашаққа» деген ұранмен жолға шыққан.

Түрік ынтымақтастық және үйлестіру агенті (ТИКА) түрік сыртқы саясатының бір тармағы ретінде және Түркияның даму жөніндегі көмектерін үйлестіру мен оны жүзеге асыру мақсатында 1992 жылы құрылды (Бозбей, 2015: 607). Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін бауырларымыз болып табылатын өзге түркі мемлекеттеріне қаржылай, білім, экономика, технология, әлеуметтік және сауда салалары және басқа да мәселелерде Түркияның достық, бауырластық және ынтымақтастық көмегі бірдей толқынысты бастан кешкен елдерге жетті. ТИКА мектеп, аурухана, клиника және кітапхана сынды білім беру және денсаулық сақтау мекемелерін салуда және осы мекемелерді қажетті жабдықтар мен техникалармен қамтамасыз ету арқылы серіктес елдердің азаматтарына әлеуметтік қызмет көрсету мүмкіндіктерін дамытуда (Бозбей, 2015: 608). Осы тұрғыда ТИКА, Қазақстанда білім беру саласында университет, орта мектептерден білім беру саласында инвестиция салды.

ТИКА тарапынан, 2012 жылдан бері ТР Ұлттық білім министрлігімен ынтымақтаса отырып Қазақстанмен өзара «Кәсіптік және техникалық білім беруде оқытушылар дайындау бағдарламасы» жүзеге асырылып, бағдарламаға соңғы 5 жылда жалпы 350 қазақ мұғалім мен басқарушы қатысып, оқуларын аяқтап сертификаттарын алған. «Денсаулық сақтау саласында ынтымақтастық жобасы» аясында, 2012 жылдан бері 300-ден астам қазақ денсаулық сақтау саласының қызметкеріне Түркияда білім берілген.

---

Сонымен қатар, Мемлекеттік басқару академиясына синхронды аударма құрылғысы көмегі, «Құл Қожа Ахмет Ясауи білім және парасат» қоғамдық қоры мектебінің жөндеу жұмыстары, Алматы – Шел тілдер және іскерлік карьера университетінің қосымша қызмет ғимаратын салу сынды көптеген жобалар жүзеге асырылды (ТИКА: 2018).

Қазақстан Республикасы Алматы облысына қарасты Талғар ауданында 16 сынып, 4 зертхана, асхана және 280 орындық жатақханадан тұратын мектеп салынды. ТИКА тарапынан Батыс Қазақстанның Маңғыстау облысында орналасқан Шетпе, Тұщықұдық, Шебір ауылдарындағы мектептерге лингафондық, химия және техникалық сыныптар жасалды. Қазақстанда «Кәсіптік және техникалық білім беруде оқытушылар дайындау бағдарламасының» ТИКА-ның әсіресе Орталық Азия елдеріне бағытталған техникалық әлеуетті арттыруды мақсат ететін жұмыстары жемісті түрде жалғасын табуда. Осы бағдарлама арқылы 310 қазақ оқытушы сертификат алған. Қазақстан Мемлекеттік басқару академиясына қарасты сырттай білім беру орталығы ашылып, тәжірибе алмасу бағдарламалары аясында, академиядан 50-ден астам қызметкер, басқарушы және білімгер Түркияда өткен бағдарламаларға қатысқан.

Юнус Эмре институтының білім беру шаралары, Астана Юнус Эмре институты арқылы жүргізіліп отыр. 2010 жылы өз жұмысын бастаған Астана Юнус Эмре институты тарапынан осы орталықта және орталықтан тыс ұйымдастырылған түрікше курстарына бүгінге дейін жалпы саны 1470 қатысушы қатысып түрікше үйренген (Атепш, 2017: 100). Сонымен қатар, 2014-2015 жылдары аралығында, Қазақстандық түркологтар үшін қызметтік білім беру бағдарламалары ұйымдастырылған. Халықаралық түркі академиясы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Астана ұлттық кітапханасы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті және Әл-Фараби қазақ ұлттық университетімен ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылған.

«Түркия Маариф» қорының Қазақстанға жасаған білім беру саласындағы көмегі, Қазақстанның Алматы қаласында орналасқан Талғар лицейінің басқару ісінің «Түркия Маариф» қорына тапсырылуымен басталған болатын. 2017-2018 оқу жылында, 350-і жатып оқитын 500 орындық оқу ғимараты өз жұмысын бастады (Сабах Газеті, 2017).

Діни істер басқармасының қолдауымен, Қазақстанда Алматы – Шет тілдер және іскерлік карьера университетінде Дінтану факультеті ашылып, осы факультеттен 440 студент бакалавр дәрежесін бітіріп шыққан. Сонымен қатар «халықаралық құран курсы жобасы» аясында Қазақстаннан 21 білімгерге білім берілген (Кескин, 2017: 106). Діни және кәсіптік бағытта жан-жақты және сапалы маман жетілдіру мақсатында Діни мамандандыру орталықтарында 76 қазақ білімгер мамандандыру курстарына қатысып сертификат алған.

### **Түркиядағы Университеттерде білім алушы қазақ білімгерлер**

КСРО ыдырағаннан кейін, Түркияның тәуелсіздігін алған түркі мемлекеттерімен байланыстарды нығайту үшін білім саласында қолға алған Үлкен Студент Жобасымен (Büyük Öğrenci Projesi) бірнеше білімгер Түркияда оқу мүмкіндігіне ие болды. Үлкен студент жобасы тәуелсіздігіне жаңа ғана қол жеткізген және экономикалық тұрғыдан әлсіз жағдайда тұрған түркі мемлекеттері үшін де маңызды жоба болатын. Осы жоба арқылы жаңадан құрылған егеменді елдерге қажет білікті мамандарды даярлауға үлес қосу мақсат етілген болатын (Гүндөған, 2017: 91). Үлкен студент жобасының ауқымы 2012 жылы кеңейтіліп, «Түркия шәкіртақылары» (Türkiye Bursları) деген атпен білімгерлерді қабылдауды жалғастырады (Аскер, 2014: 152). Түркия шәкіртақылары аясында «Шетелдік түркілер және бауырлас қауымдастықтар басшылығының» дәнекерлігімен көптеген қазақ білімгер елімізде білім алу мүмкіндігіне қауышты. Жасалған жағдайлар нәтижесінде соңғы жылдарда халықаралық студенттердің саны көбеюімен қатар қазақ білімгерлердің де саны төрт жылда шамамен екі есеге артқан. 2013-2014 жылдары университеттерде білім алушы қазақ студенттердің саны 1306 болса, 2017-2018 оқу жылында дайындық, бакалавриат және магистратура мен докторантура оқитын қазақ білімгерлердің саны 3000-ға жақындаған.

Түркияда білім алған қазақ студенттері, Түркия мен Қазақстан арасындағы қатынастарға маңызды үлес қосатын мүмкіндікке ие. Сонымен қатар осы студенттердің Түркияның да Қазақстанның да білікті маман қажеттілігін толықтырулары, әрі түркі мәдениетін, тарихын және тілін дамытатындығы сөзсіз. Ширек ғасырлық осы кезең



---

ішінде өзара қатынастардың нығайтылуы тұрғысынан білім саласындағы саясаттың қаншалықты маңызды екенін айта кетуіміз қажет. Себебі кешегі студенттер бүгінгі таңда әлеуметтік және экономикалық өмірдің әр алуан салаларында, жеке кәсіпкерлікте және білім беру мекемелерінде маңызды орындардан табылуда. «Түркия түлектері» (Türkiye Mezunları) деген атпен белгілі осы потенциалдың Түркия мен түркі мемлекеттері арасындағы қарым-қатынастардың нығайтылуы тұрғысынан маңызды екеніне назар аудару керек. «Шетелдік түркілер және бауырлас қауымдастықтар басшылығы» түлектермен арадағы байланыстың тек қана олардың оқыған жылдарымен шектеліп қалмауы үшін түлектерге қатысты кездесу бағдарламалары ұйымдастырылып, тұрақты байланыстар орнатылды. (Гүрдоған, 2017: 92).

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Өкілетті кеңес басшылығы тарапынан жоғары білімнен кейінгі, докторантура, медицина саласында жоғары білім алу, кәсіптік біліктілікті арттыру үшін оқуға келген Қазақстандық білімгерлерге оқулары аяқталғанға дейін шәкіртақы берілуде. Осы шәкіртақылар арқылы, 2009-2018 жылдар аралығында 75 магистратура, 265 докторантура, 34 кәсіптік біліктілікті арттыру шәкіртақысы мен 119 білімгерге көмек ретінде шәкіртақы берілген. Сонымен қатар, мәдениет және өнер шараларын қолдау шәкіртақылары негізінде 200 Қазақстандық оқушы шәкіртақы алған.

### **Қорытынды**

